

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Қамқоршылық кеңесінің
2021 жылғы 28 желтоқсандағы
(№6 хаттама) шешімімен бекітілген
(2023 жылдың 8 қарашадағы (№7 хаттама)
өзгерістер мен толықтырулармен қоса)

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарында
дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы
Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау конкурсын өткізу
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау конкурсын өткізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 14 тамыздағы № 255 бұйрығымен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымында дарынды балалардың оқуына ақы төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау қағидалары мен мөлшерлерінің (бұдан әрі – Грант тағайындау ережесі) 3, 5, 7, 10 тармақтарына сәйкес дайындалды және Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындауға үміткерлерді іріктеуді ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережеде келесі анықтамалар қолданылады:

1) **бірыңғай сараланған тізімдер** – осы Ережеге сәйкес оқу тіліне қарамастан кешенді тестілеудің жалпы балдары кему ретімен сараланған Назарбаев Зияткерлік мектептер (бұдан әрі – Зияткерлік мектептер) бөлінісіндегі үміткерлердің тізімдері;

2) **Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру гранты** (әрі қарай – грант) – Зияткерлік мектептерде дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президенті тағайындайтын грант;

2-1) жалпы резервтік тізім – грант иегерлерін қоспағанда, барлық Зияткерлік мектептердің барлық үміткерлерінің ағымдағы оқу жылына жарамды бірыңғай сараланған тізімі;

3) **Зияткерлік мектептерге түсуге үміткерлер** (әрі қарай – үміткерлер) - орта білім беру ұйымдарында оқып жүрген және Зияткерлік мектептердің 7-9 сыныптарында оқуға үміткер Қазақстан Республикасының азаматтары;

4) **қабылдау комиссиясы** – Зияткерлік мектептердің 7-9 сыныптарында оқу үшін құжаттарды қабылдау және үміткерлерді конкурстан өткізуді ұйымдастыру бойынша комиссия;

5) **жұмыс органы** – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы;

6) **резервтік тізім** – Зияткерлік мектептердегі бос орындарға қабылдау үшін ағымдағы оқу жылында жарамды үміткерлердің тізімі;

7) **конкурсқа қатысушы** – орта білім беру ұйымында оқитын, кешенді тестілеуге қатысқан Қазақстан Республикасының азаматы.

2. Құжаттарды қабылдау тәртібі

3. Құжаттарды қабылдау мен конкурсты өткізуді ұйымдастыру үшін Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен Зияткерлік мектептердің педагогикалық қызметкерлерінен, әкімшілік-басқару және оқытушы-қосымша қызметкерлерден тұратын қабылдау комиссиясы құрылады.

Жаңадан ашылуға жоспарланып отырған Зияткерлік мектепке үміткерлерді конкурстық іріктеуден өткізген жағдайда, жұмыс органы жетекшісінің бұйрығымен өзге Зияткерлік мектеп желілерінің педагогикалық қызметкерлерінен, әкімшілік-басқару және оқытушы-қосымша қызметкерлерден, басқа білім беру ұйым басшылығының келісімі негізінде сол оқу орны қызметкерлерінен тұратын қабылдау комиссиясы құрылады.

4. Құжаттарды қабылдау мерзімі мен орны, сол сияқты конкурсты өткізу мерзімі Басқарманың жұмыс органы шешімімен анықталады және Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын бұқаралық ақпарат құралдарында және жұмыс органының интернет-ресурсында жарияланады.

Зияткерлік мектептердегі қабылдау комиссияларына келушілер ағынын реттеу онлайн-брондау сервисі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Зияткерлік мектепке қабылдау кезінде конкурстық іріктеуге қатысу үшін үміткердің заңды өкілі қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша конкурсқа қатысу үшін өтініш беру;

2) осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша сауалнама толтыру;

3) Үміткердің туу туралы куәлігі, үміткердің ЖСН-і, үміткердің жеке куәлігінің (бар болған жағдайда) көшірмесі, заңды өкілінің ЖСН-і көрсетілген жеке куәлігінің көшірмесі.

Қажет болған жағдайда қабылдау комиссиясының талабы бойынша заңды өкілдер үміткердің азаматтығын растайтын құжатты ұсынуы міндетті.

4) үміткердің Зияткерлік мектепке дейінгі бір жыл бұрынғы үлгерімі мен тәртібі табелдерінің көшірмесі, егер үміткер ағымдағы оқу жылын аяқтамаған, оқуын жалғастырып жатқан жағдайда бірінші жартыжылдыққа сәйкес ұсынылады. Талап етілген құжаттар басшының қолымен расталып, тиісті білім беру ұйымының мөрімен бекітілуі қажет.

Орта білім беру ұйымдарының 7-9 сыныптарын толық аяқтаған үміткерлерге Зияткерлік мектептің осы сыныптарында қайта оқу үшін үміткерлік құқығы берілмейді. Бұған білім беру деңгейі мен оқу бағдарламасының ерекшелігіне байланысты Қазақстан Республикасының білім беру сыныптарынан айырмашылығы бар шетелдік білім беру ұйымдары мен халықаралық мектептердің оқушылары кірмейді;

5) Бағалау шкаласы мен білім беру бағдарламасында Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарының бағалау шкаласынан және бағдарламасынан айырмашылығы бар шетелдік білім беру ұйымдары немесе халықаралық мектептерде оқитын үміткерлер үлгерімі туралы табельге (бағалау транскрипті) қоса оқитын мектебінің бағалау шкалалары мен бағдарлама мазмұны түсіндірілген хатын тіркейді;

б) көлемі 3x4 см. үміткердің 1 МБ (мегабайт) аспайтын графикалық файл түріндегі цифрлық фотосуреті немесе құжаттарды тапсыру кезінде қабылдау

комиссиясында үміткердің фототүсірілімін орындау.

Фотосурет қатаң түрде ашық фонда толық көлемде орындалады, бейтарап бет әлпеті және аузы жабық, онда бет фотосуреттің жалпы көлемінің 75% құрайды. Компьютерлік сканерлеу, модельдеу немесе ксерокөшірме әдісімен дайындалған суреттерді пайдалануға жол берілмейді. Суретке түсіру кезінде бас киімдер мен көзілдіріктерге жол берілмейді. Көздер ашық, айқын көрінеді және шашпен жабылмайды. Фотосуреттің көлемі кемінде 450 x 600 пиксель, ажыратымдылығы кемінде 600 пиксель/дюйм (dpi) болуы тиіс.

Осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген барлық қосымша құжаттар үміткер тарапынан пластикалық бір бумаға тігіліп тапсырылады.

6. Құжаттарды қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады:

1) Конкурстық іріктеуге қатысу өтініші бекітілген мерзімінен кеш берілсе;

2) осы Ереженің 5-тармағында берілген құжаттар тізімі толық болмаған жағдайда;

3) үміткердің заңды өкілі атынан берілген сенімхатсыз құжаттарды үшінші тұлғаның тапсыруы.

3. Конкурсты өткізудің шарттары

7. Үміткерлерді іріктеу пәндер бойынша олардың зияткерлік даярлық деңгейін және Зияткерлік мектептерде оқу қабілетін айқындау жолымен конкурстық негізде жүргізіледі.

8. Конкурсқа қатысуға келесі үміткерлер жіберіледі:

1) осы Ереженің 5-тармағына сәйкес құжаттарды тапсырғандар;

2) Зияткерлік мектепке конкурстық іріктеу күндері көрсетілген тіркеу уақытында келгендер.

Тестілеудің бірінші күні болмаған үміткер тестілеудің екінші күні жіберілмейді.

3-1. 7-сыныптарда үміткерлерді оқыту үшін өткізілетін конкурстың тәртібі

9. Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарында оқуға қабылдау үшін кешенді тестілеу екі тесттен тұрады: жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді меңгеру қабілеттілігін анықтау бойынша тест және тілдік тест.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді меңгеру қабілеттілігін анықтау бойынша тест үш бөлімнен тұрады:

1) «Математика» – 40 тапсырма;

2) «Сандық сипаттамалар» – 60 тапсырма;

3) «Жаратылыстану» - 20 тапсырма.

Тілдік тест үш бөлімнен тұрады:

1) «Қазақ тілінен» – 20 тапсырма;

2) «Орыс тілінен» – 20 тапсырма;

3) «Ағылшын тілі» – 20 тапсырма.

10. Кешенді тестілеу бойынша тапсырмаларды орындауға төмендегідей уақыт беріледі:

1) Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді меңгеру қабілеттілігін анықтау бойынша тест – 120 минут, соның ішінде «Математика» бөлімі бойынша – 60 минут, «Сандық сипаттамалар» бөлімі бойынша – 30 минут, «Жаратылыстану» бөлімі бойынша – 30 минут;

2) Тілдік тест – 120 минут.

Емтихан материалдарын таратуға, үміткердің жауап парағының секторларын толтыруға, жауап парағына қол қоюы және жеке деректерімен сәйкестігін тексеруге, сол сияқты аудиторияда үміткердің тәртіп ережесін түсіндіруге кеткен уақыт көрсетілген уақыт ішіне кірмейді.

11. Кешенді тестілеу кезінде тест тапсырмаларының қағаз нұсқасы қолданылады.

12. Қағаз нұсқасын қолдану кезінде үміткерге тест жинағы мен жауап парағы беріледі. Үміткер барлық есептеулерді тест жинағында орындап, дұрыс жауаптарды жауап парағына көшіреді.

13. Үміткерлердің кешенді тестілеуінің қағаз нұсқасы арқылы алынған нәтижелерін тексеру және бағалау білім беру саласында қызмет ететін, жұмыс органының стратегиялық серіктесі болып табылатын шетелдік ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Үміткерлердің кешенді тестілеу нәтижелерін тексеру мен бағалау автоматтандырылған статистикалық өңдеу әдісі негізінде жүзеге асырылады.

Қағаз нұсқасын қолдану арқылы алынған кешенді тестілеу нәтижелерін тексеру кезінде тек үміткердің жауап парағындағы нәтижелер ғана есепке алынады, тест жинағы қарастырылмайды.

Тест жинағы мен жауап парақтары жеке қарастырылмайды және үміткерлердің заңды өкілдеріне берілмейді.

Кешенді тестілеу нәтижелері теңестірілген балл түрінде шығарылады. Теңестірілген балдың мүмкін болатын максималды жалпы саны 1500 балды құрайды, соның ішінде:

«Математика» – 400 балл;

«Сандық сипаттамалар» – 300 балл;

«Жаратылыстану» – 200 балл;

«Қазақ тілі» – 200 балл;

«Орыс тілі» – 200 балл;

«Ағылшын тілі» – 200 балл.

14. Кешенді тестілеудің нәтижелері соңғы кешенді тестілеу аяқталған күннен 40 күнтізбелік күннен аспай Зияткерлік мектептерге бөлінетін гранттар санымен бірге жұмыс органының интернет-ресурсында жарияланады.

Гранттарды мектептер арасында бөлуді жұмыс органы республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат шегінде жүзеге асырады.

Конкурс өткізу қорытындысы бойынша 7-сыныпқа оқуға үміткерлер үшін апелляция өткізілмейді.

15. Жұмыс органының Басқармасы келесі материалдардың негізінде конкурсқа қатысушылар арасынан шектік балл жинаған үміткерлердің нақты Зияткерлік мектептер шеңберінде бірыңғай сараланған тізімдерін, грант иегерлері мен нақты Зияткерлік мектептер бойынша резервке енгізілген үміткерлер тізімдерін, жалпы резервтік тізімді бекітеді:

1) «Математика» бөлімі бойынша мүмкін болатын ең жоғары балдың отыз бес және одан да көп пайызын, бұл 140 және одан да көп балды жинаған және

«Сандық сипаттамалар» бөлімі бойынша мүмкін болатын ең жоғары балдың қырық және одан да көп пайызын, бұл 120 және одан да көп балды құрайтын үміткерлердің нәтижелері бар ведомостар;

2) кешенді тестілеуді өткізу қорытындыларының статистикалық деректері.

3-2. 8-9 сыныптарда үміткерлерді оқыту үшін өткізілетін конкурстың тәртібі

16. 8-9 сыныптарда оқуға үміткерлерге конкурс жаңадан ашылатын Зияткерлік мектептерде кешенді тестілеу түрінде өткізіледі.

Конкурс білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын және жұмыс органының стратегиялық әріптестері болып табылатын шетелдік ұйымдармен бірлесіп өткізілуі мүмкін.

17. Кешенді тестілеу бес бөлімнен тұрады:

- 1) «Математика» - 30 тапсырма;
- 2) «Физика»/ «Химия»/ «Биология» – 30 тапсырма;
- 3) «Қазақ тілі» – 20 тапсырма;
- 4) «Орыс тілі» – 20 тапсырма;
- 5) «Ағылшын тілі» – 20 тапсырма.

8-9 сыныптарда оқуға үміткер оқушылар конкурстық іріктеуге қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде «Физика»/ «Химия» / «Биология» пәндерінің бірін таңдайды.

18. Кешенді тестілеудің бөлімдері бойынша тест тапсырмаларын орындауға келесі уақыт бөлінеді:

- 1) «Математика» - 45 минут;
- 2) «Физика» / «Химия» / «Биология» - 45 минут;
- 3) «қазақ тілі» - 30 минут;
- 4) «Орыс тілі» - 30 минут;
- 5) «Ағылшын тілі» – 30 минут.

Емтихан материалдарын таратуға, жауап парақтарының қызметтік секторларын толтыруға және аудиторияда үміткердің тәртіп ережесін түсіндіруге кеткен уақыт тестілеу уақытына кірмейді.

19. Кешенді тестілеуде қағаз және/немесе электронды тест нұсқалары қолданылады.

20. Қағаз нұсқасын қолдану кезінде үміткерге сұрақ кітапшасы және жауап парағы беріледі. Үміткер барлық қажетті есептеулерді сұрақ кітапшасында жасайды, дұрыс жауаптарын жауап парағында белгілейді.

21. Қағаз нұсқасын қолдану арқылы алынған үміткерлердің кешенді тестілеу нәтижелерін тексеру мен бағалауды жұмыс органы үміткерлердің жауап парағын автоматтандырылған статистикалық талдау әдісімен жүзеге асырады, бұл ретте тест жинағы қаралмайды. Тест жинақтары мен жауап парақтары үміткерлердің заңды өкілдеріне берілмейді.

22. Тестілеудің электрондық нұсқасы компьютерде өткізіледі. Қажетті есептеулерді орындау үшін үміткерге қосымша қағаз парақтары беріледі. Тестілеу құрылымы, тапсырмалар саны және оларды орындау уақыты өзгермейді.

23. Жұмыс органы тестілеудің электрондық нұсқасының нәтижелерін тексеруді және бағалауды тестілеудің ақпараттық жүйесінен алынатын

үміткерлердің жауаптарын автоматтандырылған статистикалық талдау әдісімен жүзеге асырады, бұл ретте қағаз парақтар қаралмайды. Тест тапсырмалары, есептеулері бар қағаз парақтар және үміткерлердің жауаптары үміткерлердің заңды өкілдеріне берілмейді.

24. Кешенді тестілеудің нәтижелері теңестірілген балл түрінде шығарылады. Мүмкін болатын ең жоғары жалпыға тең балл 1200-ді құрайды, оның ішінде:

- «Математика» – 300 балл;
- «Физика»/ «Химия» / «Биология» – 300 балл;
- «Қазақ тілі» - 200 балл;
- «Орыс тілі» - 200 балл;
- «Ағылшын тілі» - 200 балл.

25. Конкурс нәтижелері кешенді тестілеу аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей Зияткерлік мектептерге бөлінетін гранттар санымен бірге жұмыс органының интернет-ресурсында жарияланады.

Конкурс өткізу қорытындысы бойынша 8-9 сыныптарға оқуға үміткерлер үшін апелляция өткізілмейді.

26. Жұмыс органының Басқармасы келесі материалдардың негізінде конкурсқа қатысушылар арасынан шектік балл жинаған үміткерлердің нақты Зияткерлік мектептер шеңберінде бірыңғай сараланған тізімдерін, грант иегерлері мен нақты Зияткерлік мектептер бойынша резервке енгізілген үміткерлер тізімдерін, жалпы резервтік тізімді бекітеді:

1) «Математика» және «Физика»/«Химия»/«Биология» бөлімдері бойынша ықтимал ең жоғары балдың отыз бес және одан да көп пайызын жинаған үміткерлердің нәтижелері бар ведомостар, бұл бөлімдердің әрқайсысынан 105 және одан да көп балды құрайды;

2) Кешенді тестілеуді өткізу қорытындыларының статистикалық деректері.

27. Конкурсстық рәсімдерді ұйымдастыру мен өткізуді нақтылау жұмыс органының Басқармасы бекітетін нұсқаулықта реттеледі.

27–1. Грант нақты Зияткерлік мектептер бойынша бөлінген гранттар шегінде жұмыс органы Басқармасының шешімімен тағайындалады.

4. Зияткерлік мектептерге оқуға қабылдау тәртібі

28. Резервтік тізімге енгізілген грант иегерлері мен үміткерлердің бірыңғай сараланған тізімдері Жұмыс органы кеңесінің хаттамасына қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей жұмыс органының интернет-ресурсында жарияланады.

29. Зияткерлік мектептерге қабылдау грантын тағайындау жөніндегі Жұмыс органы кеңесінің хаттамасы, үміткердің заңды өкілінің өтініші және білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарт негізінде Зияткерлік мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

30. Өз қалауы бойынша оқуға қабылдаудан бас тартқан жағдайда үміткердің заңды өкілі Жұмыс органы кеңесінің қарауына осы Ереженің 3-қосымшасындағы үлгіге сәйкес Жұмыс органы кеңесінің төрағасы атына гранттан бас тарту туралы өтініш жазады.

5. Резервтік тізімді құру және резервтік тізімнен үміткерлерді Зияткерлік мектепке оқуға қабылдау тәртібі

31. 7-сыныптарда және жаңадан ашылған Зияткерлік мектептердің 8, 9-сыныптарында білім алуға үміткерлердің резервтік тізімі әрбір Зияткерлік мектеп бойынша жеке құрылады, жұмыс органы басқармасының шешімімен бекітіледі және бос орын болған жағдайда оқуға шақыру мақсатында ағымдағы оқу жылы ішінде ғана жарамды болып табылады.

32. Оқу жылы ішінде резервтік тізімге енгізілген үміткерлерге Грант тағайындау ережесінде бекітілген тәртіппен қосымша конкурстан өтпей грант тағайындалады.

32-1. Бос орын болған жағдайда және белгілі бір Зияткерлік мектеп бойынша резервтік тізім болмаған жағдайда жұмыс органы жалпы резервтік тізімге сәйкес гранттарды басқа Зияткерлік мектептер арасында қайта бөлу туралы шешім қабылдайды.

Грант алу құқығы жұмыс органының шешімімен бекітілген барлық Зияткерлік мектептердің жалпы резервтік тізіміндегі неғұрлым жоғары жалпы балл жинаған үміткерлерге беріледі.

33. Грантты тағайындау үшін резервтік тізімнен үміткерді айқындау Грант тағайындау ережесінде бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

34. Резервтік тізімнен грант беру туралы шешім грант беру жөніндегі Жұмыс органы кеңесінің хаттамасына қол қойған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жұмыс органының интернет-ресурсында жарияланады.

6. Қорытынды ережелер

35. Осы Ережеге барлық өзгерістер мен толықтырулар жұмыс органының Қамқоршылық Кеңесінің шешіміне сәйкес жүзеге асырылады.

36. Осы Ережеге сәйкес емес мәселелер жұмыс органының бекітілген нормативтік актілері және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмыс органымен шешіледі.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Қамқоршылық кеңесінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы (№6 хаттама) шешімімен бекітілген (2023 жылдың 8 қарашадағы (№7 хаттама) өзгерістер мен толықтыруларды қоса) бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау конкурсын өткізу ережесіне 1-қосымша

Қабылдау комиссиясына

Ата-анадан (заңды өкілден)

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Тіркелген мекенжайы _____

Тұрғылықты мекенжайы _____

Телефон _____

Жеке куәлігі № _____

Берілді (кіммен, қашан) _____

ӨТІНІШ

Менің балам _____
(Тегі, аты, әкесінің аты толығымен)

_____ күні туған оқыту _____ тіліндегі

_____ бағытындағы _____ қаласының

Назарбаев Зияткерлік мектебінің _____ сыныбында оқу үшін конкурстық

іріктеуге қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау конкурсын өткізу ережесінің талаптарымен танысқанымды және менің балам осы өтініште көрсетілген мектепте оқу үшін бөлінген гранттар шегінде конкурсқа қатысатыны туралы білетіндігімді растаймын.

(қолы)

« _____ » _____
(өтініш берген күні)

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Қамқоршылық кеңесінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы (№6 хаттама) шешімімен бекітілген (2023 жылдың 8 қарашадағы (№7 хаттама) өзгерістер мен толықтыруларды қоса) бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау конкурсын өткізу ережесіне 2-қосымша

**«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарында
оқуға үміткердің сауалнамасы
Анкета претендента для обучения
в филиалах АО «Назарбаев Интеллектуальные школы»**

Тегі/Фамилия, Аты/Имя, Әкесінің аты/Отчество

(туу туралы куәлік немесе жеке куәлік бойынша/согласно свидетельства о рождении или удостоверения личности)

Үміткердің азаматтығы Гражданство претендента	
Заңды өкілдерінің азаматтығы Гражданство законных представителей	Әкесі/Отец _____ Анасы/Мать _____
Туған күні/Дата рождения	
Ұлты/ Национальность	
Конкурсқа қатысу үшін таңдаған Назарбаев Зияткерлік мектебі/Наименование Назарбаев Интеллектуальной школы, выбранной для участия в конкурсе	_____ _____ _____
Сынып Класс	_____ болжанып отырған оқу сыныбын көрсетіңіз/ укажите предполагаемый класс обучения
Оқу тілі Язык обучения	_____ болжанып отырған оқу тілін көрсетіңіз/ укажите предполагаемый язык обучения
Қай мектептен келді Из какой школы прибыл	_____ Мектептің толық атауы мен орналасқан жері/ Полное наименование и местонахождение школы
Байланыс деректері Контактные данные	үй телефоны/домашний телефон _____ ұялы телефоны/мобильный телефон _____ e-mail _____

Заңды өкілдің қолы/Подпись законного представителя

Ата-аналары, қамқоршылары туралы мәліметтер:**Сведения о родителях, попечителях:**

Туысқандық дәрежесі/ Степень родства	Әкесі Отец	Анасы Мать	Қамқоршылары Попечители
Аты-жөні, туған жылы/ФИО, год рождения			
Жұмыс/оқу орны, қызметі/ Место работы/учебы, должность			
Үй, жұмыс телефоны, жергілікті жер коды/ домашний и рабочий телефон, код населенного пункта			

Үміткердің толық мекен-жай мәліметтері***Полные адресные данные претендента***

Елді мекені/ Населенный пункт	Тұратын орны/ Место проживания	Тіркелген орны/ Место прописки
Облыс/Область		
Қала/Город		
Аудан/Район		
Ауыл/Село		
Көше, ш.а./Улица, мкр		
Үй/Дом		
Пәтер/Квартира		

* Байланыс, мекен-жай деректеріңіз өзгерген жағдайда 5 күн аралығында қабылдау комиссиясының мүшелерін ескерту қажет

* В случае изменения контактных, адресных данных в течение 5 дней необходимо оповестить членов приемной комиссии

Заңды өкілдің қолы/Подпись законного представителя

Мен _____,

Ата-анасының/заңды өкілінің тегі, аты, әжесінің аты

(бұдан әрі - үміткер)

Үміткердің тегі, аты, әжесінің аты

ата-анасы/заңды өкілі осы сауалнамада көрсетілген барлық ақпараттың толық және нақты болып табылатынын растаймын.

Біле тұра жалған немесе толық емес деректерді беру үміткердің конкурстан шығып қалуына, сондай-ақ тағайындалған жағдайда «Өркен» білім беру грантынан айыруға әкеп соғатыны маған мәлім.

Мен төменгілермен:

- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау ережесінің талаптарымен;

- Назарбаев Зияткерлік мектептері жатақханаларының қызметін ұйымдастыру ережелерінің талаптарымен;

- Зияткерлік мектептері оқушыларының ішкі тәртіп Ережелеріне сәйкес іскерлік, классикалық болып табылатын бірыңғай мектеп формасы мен оқушылардың сыртқы келбетіне қойылатын талаптармен таныстым.

Үміткерге Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындаған жағдайда мен Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес, Зияткерлік мектептерінде белгіленген барлық ережелерді орындауға, сонымен қатар, үміткердің сыртқы келбеті мен бірыңғай мектеп формасын кию міндеттемесіне қойылатын талаптарды орындауына кепіл беремін.

Жоғарыда көрсетілген талаптар мен міндеттемелерді орындамаған жағдайда оқушының Зияткерлік мектептердің құқықтық актілерінде көрсетілген тәртіптік шараларға тартылуы мен оның Зияткерлік мектебінен шығарылуына дейін алып келетіні маған мәлім.

Конкурса қатысу барысында алған сауалнамалық деректерді, конкурстық іріктеу нәтижелерін шетелдік серіктестерге, мемлекеттік органдарға, сарапшыларға және өзге де мүдделі ұйымдарға беруге, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ интернет – ресурсында орналастыруға қарсы емеспін.

Мен үміткердің дербес және биометриялық мәліметтерін жинақтауға, өңдеуге келісемін.

Үміткердің конкурстық іріктеуге қатысуына дербес жауапкершілікте боламын және үміткердің конкурстың барлық шарттары мен кезеңдерінен делдалдардың қатысуынсыз өтуіне міндеттенемін. Үміткердің конкурстан өту кезінде конкурстың кезеңдерін ұйымдастыруға және өткізуге жауап беретін ұйымдардың қызметкерлерімен ізетті болуға міндеттенемін.

Конкурстан өткен соң мен және менің баламның «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ зияттық меншігі мен құпия болып табылатын кешенді тест тапсырмаларының мазмұнын таратпауды қамтамасыз етуге міндеттенемін.

Күні _____

Қолы _____

Я _____,
Фамилия, имя, отчество родителя/законного представителя

_____ (далее - претендент)
Фамилия, имя отчество претендента

подтверждаю, что вся информация, представленная в данной анкете, является полной и достоверной.

Мне известно, что предоставление заведомо ложных или неполных данных ведет к исключению претендента из конкурса, а также к лишению образовательного гранта «Өркен» в случае его присуждения.

Я ознакомлен(а) с требованиями:

- Правил присуждения и размеров образовательного гранта Президента Республики Казахстан «Өркен» для оплаты обучения одаренных детей в автономной организации образования «Назарбаев Интеллектуальные школы»;

- Правил организации деятельности общежитий Назарбаев Интеллектуальных школ;

- к единой школьной форме и внешнему виду учащихся, для которых предусмотрен деловой, классический стиль согласно Правил внутреннего распорядка для учащихся Интеллектуальных школ.

Я обязуюсь, в случае присуждения претенденту образовательного гранта Президента Республики Казахстан «Өркен», в соответствии с законом Республики Казахстан «Об образовании» выполнять все правила, установленные в Интеллектуальных школах, в том числе гарантирую соблюдение претендентом требований к внешнему виду и обязанности ношения единой школьной формы.

Мне известно, что в случае несоблюдения вышеперечисленных требований и обязанностей это может повлечь за собой дисциплинарные меры в отношении учащегося, предусмотренные правовыми актами Интеллектуальных школ, вплоть до его отчисления из Интеллектуальной школы.

Я не возражаю против передачи анкетных данных претендента, результатов конкурсного отбора зарубежным партнерам, государственным органам, экспертам и иным заинтересованным организациям, а также размещения результатов конкурсного отбора на интернет-ресурсе АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы».

Я даю согласие на сбор, обработку персональных и биометрических данных претендента.

Я несу персональную ответственность за явку претендента на конкурсный отбор и обязуюсь обеспечить соблюдение претендентом всех условий и требований конкурса, а также непосредственное самостоятельное участие в конкурсе, без участия посредников. При прохождении претендентом конкурса обязуюсь быть вежливым с сотрудниками организаций, отвечающих за организацию и проведение конкурсного отбора.

После прохождения конкурса обязуюсь обеспечить неразглашение мной и моим ребенком содержания тестовых заданий комплексного тестирования, являющегося конфиденциальной информацией и интеллектуальной собственностью АОО «Назарбаев Интеллектуальных школ».

Дата _____

Подпись _____

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Қамқоршылық кеңесінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы (№6 хаттама) шешімімен бекітілген (2023 жылдың 8 қарашадағы (№7 хаттама) өзгерістер мен толықтыруларды қоса) бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау конкурсын өткізу ережесіне 3-қосымша

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Басқарма төрағасына

(баланың толық аты-жөні)

Заңды өкілінен

(заңды өкілдің толық аты-жөні)

(заңды өкілдің ЖСН)

(заңды өкілдің байланыс телефоны)

**Қазақстан Республикасы Президентінің
«Өркен» білім беру грантынан бас тарту туралы
өтініш**

Мен, _____,

(заңды өкілдің аты-жөні)

_____ қаласындағы _____ бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқыту _____ тіліндегі _____ сыныбында білім алу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру гранты тағайындалған _____,

(грант иегерінің толық аты-жөні, ЖСН)

заңды өкілі _____ байланысты

(нақты себебін көрсетіңіз)

гранттан бас тартамын.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ға шағымым жоқ.

« _____ » _____ 20 _____ ж.

Қолы _____